



• ПЕЙІЛ

Қайғыны бөліскен қайырымды әнші

Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайберген Костенко шахтасында қаза тапқан 20 кеншінің отбасына көмек ретінде 20 миллион тенге аударды. «Бұл туралы ақын, журналист Бауыржан Бабажанұлы өзінің Instagram парақшасында мәлімдеді», деп хабарлады ҚазАқпарат.



– Костенко шахтасында қаза тапқан 46 азаматтың қайғысы әлі ұмытылған жоқ. Мемлекет те, жеке кәсіпкерлер де олардың отбасына қол ұшын созып жатыр. Әйгілі Димаш Құдайберген де бұл сауапты істен сырт қалған жоқ. Ол апатта әкелері қайтыс болған, көмелеттік жасқа толмаған балалары бар 20 отбасыға 1 миллион тенгеден аударды. Осы хабарды кездейсоқ естіп қалып, Қанатқа хабарласып ем, растады.

Жалпы, Айтбаевтар отбасы бергенін жариялай бермейді. Димаш атқа мінгелі ғана емес, бұрыннан солай. Бірақ, мына хабарды ел білуі керек қой. Димаштың бұл ісін басқа да өнер иелері жалғастырып әкетсе, кәнеки! Осы мақсатпен жариялап отырмын, – деп жазды Бауыржан Бабажанұлы.

Қаржы «Қорғау» көміршілер кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің есепшотына аударылған.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

Әкім сайлауы: ашық қоғамның айқын қадамы

Президенттің саяси реформасының бір механизмі – сайлау жүйесін жетілдіру. Өңірдегі аудан әкімдерін сайлау үдерісінің мән-мәтіні қандай деген толғақты ой әр адамның басында лүп еткен болар. Қош, онда кіріселік...




Erkanat KECESEBEKҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ендігіде «Бұл әкім қайдан келді?» деген үйреншікті сұрақты жұрт бір-біріне қоймайтын болды. Өйткені, жергілікті жұрт өз әкімін өзі сайлайды. Сайлап та жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы әр Жолдауында халықтың саяси сауатын ашуға бағыттарлық жекелеген тапсырма үстеп

отыруы – саналы жаңа сарабал шешім. Былайғы елдің ойы жайлауда емес, сайлауда қазір. Бұл әсте тегін емес.

2021 жылдың 25 мамырында Президент «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойған еді ғой. Сол арқылы ауыл әкімін елді мекен тұрғындары тікелей дауыс беру арқылы сайлау құқығын иеленді. Заң солай дейді. Сондай-ақ, бұл лауазымға тұрғын-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

дардың өзін-өзі ұсынуына мүмкіндік жасалды. Заң солай дейді. Бюллетеньдерде «бәріне қарсымын» деген тармақ қосылды. Біз емес, Заң солай дейді.

Мемлекет басшысы аудан әкімдерін сайлауды жылдамдату қажет екенін және АМАНАТ партиясы белсенді түрде қатысу керекін нақпа-нақ атап өткен.

– Алдағы уақытта біз аудан әкімдерін сайлаймыз. Менің ойымша, аудан әкімдерін сайлауды ұзаққа созудың керекі жоқ. Бұл процесті жеделдету қажет. Осы сайлауға партия лайықты кандидаттарды ұсыну арқылы белсенді түрде қатысады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Анығында бұл Жаңа Қазақстанның шынайы дербестігіне бір табан жақындай түскен жаңа қадамы дерлік. Төрткүл дүниеге аты мәшһүр Орталық Азия елдері арасында республикамыз – ауыл, аудан әкімдерін сайлау нақын бұқараның өз қолына табыстаған алғашқы мемлекет!

– Ақтоғай ауданы тұрғындары алғаш рет өз әкімін сайлады. 10 мыңнан астам адам белсенді дауыс берді. Мұндай маңызды саяси науқаннан қалыс қалу жарамас. Бұл бұқара мен биліктің арасын сенімге бастайтын іс, – деді аудан тұрғыны Тәбарак Жармағамбетов.

Бұл жылы лебіздің астарынан халықтың көзқарасының оң екендігі аңғарылады. Облыста екі аудан мен бір қала әкімі, ал, республикада 45 аудан мен қала әкімдері қамтылды. Ұзын-ырасы 51 күнге созылған үрдіс о баста ештеңе алаң шақырғанымен, кейінірек көңіл-қош қалыпта жалғасқан.

Республикалық мінберден сөз алып жүрген саясаттанушы Айдос Бәделұлы бұл бастаманың алдағы бағытымызды айқындай түсетінін айтты. Бұрыннан бұғыңқырап қалған бұқпантайлақ жүйені түлетіп тастап, ел сеніміне селкеу түсірмеген абзал.

► 2-бет

• КӨКЕЙКЕСТІ

Тұрғындарды сан соқтырған сапасыз құрылыс

Бүгінде жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің мәселесі таусылар емес. Тұрғындар құрылысы шала салынған баспанадан әбден шаршаған. Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі «Inju city» тұрғын үй кешенінің (Республика даңғылы, 23) тұрғындары наразылық акциясын ұйымдастырды.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»



► 3-бет

• СТАТИСТИКА

Халық саны өсіп келеді



2027 жылы Қазақстан халқының саны 21 миллион адамға жетуі мүмкін. Бұл туралы болжамды Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Мақсат Тұрлыбаев алға тартып отыр.

Отандық статистика бюросы бүгінде 2050 жылға арналған ел тұрғындарының санын есептеумен айналысуда. Өз кезегінде, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі демографиялық тұспаулау жасауға елдегі көші-қон үрдісі мен туу көрсеткіштері маңызды факторға ие екенін айтады.

– 2021 жылы республикамызда демографиялық дүмпу қарқын алды. Оған пандемия тікелей ықпал етті. Пандемия болған жылдары 460-470 сәби туды. Ал, 10 жыл бұрын Қазақстанда 250-260 нәресте дүниеге келген. Бүгінде балалардың саны 300 мыңға жетті, – деп мәлімдеді вице-министр Ерболат Оспанов.

Дегенмен, халық санының көбеюі ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайына байланысты екенін жоққа шығаруға болмас. Мұның сыртында, балдырғандарды балабақшамен қамтамасыз ету ісінің ілгерілеуі мен балаларға төлсетін әлеуметтік төлемдердің өсуі де оң нәтижеге жетуге сеп.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

Бапнасөз - 2024

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Касpi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!
«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5827,65	5891,70
		12 ай 11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай 3079,65	3083,70
		12 ай 6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: oteld.pochtovyy@bk.ru



• ӨЗЕКТІ

Қызылшадан екпе қорғайды

Аймақта қызылша жұқтырғандар саны 472 адамға жетті. Көбіне балалар арасында жиі кездесетін індетті аймақ дәрігерлері қосымша екпемен тоқтатуға тырысады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәрігерлердің айтуынша, қазіргі уақытта облыста эпидемиологиялық жағдай асқынды түр. Қызылшаның тіркелуі облыстың барлық аумақтарында байқалуда. Қазан мен қарашада қызылшамен сырқаттану өткен айлармен салыстырғанда екі есеге өсті. Күн сайын облыс тұрғындары арасында қызылшаның орташа есеппен алғанда 10 жағдай тіркелуде.

Дегенмен, оқшаулау жағдайларын қатаң сақтау керек. Науқасты дәл қай жерде емдеу қажет екенін дәрігер ем тағайындау барысында шешеді.

Эпидемиологиялық себептерге байланысты жалпы қауіп белгілері бар бес жасқа дейінгі балаларға, қызылшаның ауыр және орташа ауырлық түрлерімен ауыратындарға, созылмалы аурулары бар науқастарға және жүкті әйелдерге қызылшаны ауруханада емдеу қажет. Қазіргі уақытта аурушандықтың көбеюін ескере отырып, қызыл-



Денсаулық сақтау басқармасы мамандарының айтуынша, қызылша барлық жастағы адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіпті. Вакцинация аурудан, асқынулардан қорғайды әрі қосымша доза иммунитетті күшейтеді. Инфекция қауіпін ескерген тұрғындарға уақытылы вакцина алу – маңызды.

– 19 қарашадағы жағдай бойынша қызылшаға күдікпен 472 жағдай тіркелді. Зертханалық түрде 327 жағдай расталды. Инфекцияға сезімтал 14 жасқа дейінгі балалар, оның жартысынан көбісі 1-4 жас аралығындағы балалар, – деді облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Жақтайқызы.

Қызылшамен сырқаттанушылық 86%-ы вакцинацияланбаған балалар арасында кездесуде. Аурудың асқынуды болдырмау мақсатында қосымша иммундау жүруде. Балалар аурушандығы негізінен вакцинациядан бас тарту себебінен, сондай-ақ, вакцинация жайлы медициналық рұқсаттың болмауынан байқалуда.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінің мәліметінше, қызылша асқынбаған жағдайда үйде емделуге болады.

шамен ауыратын науқастар мамандандырылған бөлімшеге жатқызылуда.

Денсаулық сақтау басқармасы мамандарының айтуынша, қызылша барлық жастағы адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіпті. Вакцинация аурудан, асқынулардан қорғайды әрі қосымша доза иммунитетті күшейтеді. Инфекция қауіпін ескерген тұрғындарға уақытылы вакцина алу – маңызды.

Облыстың эпидемиологтары қызылшаның алдын алуда екпе алмаған жағдайда профилактикалық екпе алуды ұсынады. Сондай-ақ, әртүрлі себептермен қызылшаға қарсы егілмей қалған балалар мен ата-аналары мәдени-бұқаралық іс-шаралардан тыс қалып, ойын-сауық орталықтарының ойын алаңдарына баруды шектегені жөн.

19 қарашада қызылшаға қарсы вакцинамен 8591 адам қамтылуы тиіс. Қазіргі таңда 4045 (47%) адам вакцина алды.

«Үш жылда маман тапшылығы жойылуы керек»

14 ауылдық аймақта салынып жатқан фельдшерлік-амбулаториялық пункттер жыл соңына дейін ашылады. Бұл жайлы облыс әкімдігінде өткен аппарат жиынында мәлім болды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құрылыс жұмыстарын уақытында аяқтауды тапсырды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ауылдық денсаулық сақтауы жаңғырту» ұлттық жобасы аясында аймақта екі жылда барлығы 92 медициналық нысан салынады. Оған 21 млрд. теңге қарастырылған. Бұл ауылда тұратын 200 мыңнан астам облыс тұрғынын сапалы медициналық көмекпен қамтуға мүмкіндік береді. Бұл туралы облыстың денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенова баяндады.

– Салынатын нысандар негізінен, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-пункттер мен медициналық пункттер. Жаңа нысандар сапалы медициналық көмек көрсетуден кемшін қалып жатқан аймақтарда тұратын 57 мың адамды қамтуға мүмкіндік береді. Биыл қолға алынған 14 нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланған, – деді Бибігүл Төлегенова.

Басқарма басшысының айтуынша, тағы 27 нысан бойынша Денсаулық сақтау министрлігіне жолданған өтінім қабылданған. Оларға қаражат келесі жылы бөлінеді. Қалған 45 нысан бойынша жергілікті жерге кіріктіру бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Ол келер жылдың қаңтар-ақпан айында аяқталуы тиіс.

– Тұрғыны 200 адамнан аз мекендерде де медициналық нысан салу жоспары бар. Осындай алты нысанның құрылысы жөнінде келісім жасалды. Ұлттық жоба аясында Балқаш және Теміртау қалаларында ауданаралық аурухана ашылады. 2022 жылдың соңынан бүгінгі күнге дейін аталған медициналық нысандарда жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ашылуы тиіс инсульт, хирургия, травматология, реанимация бөлімдері мен перинатальдық орталық бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан бөлек, медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестендіру мақсатында Теміртауда ангиографқа, Балқашта диагностикалық бөлім үшін жапсарластыра ғимарат салынуда. Биыл



Сурет ашық дереккөзімен алынды

аталған ауданаралық аурухана үшін 22 медициналық жабдық сатып алынды. КТ, МРТ, ангиограф сынды жабдықтар 2024-2025 жылдары алынады, – деді Бибігүл Райханқызы.

Баяндамашы ауылдық жердегі медициналық нысандардың тапшылығын да атап өтті.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда ауылдарда 342 дәрігер мен 1 356 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді. Биыл 38 дәрігер, 68 орта медициналық маман келсе де, әлі 23 дәрігер мен 40 орта медициналық маманға қажеттілік бар.

– Келер жылы акушер-гинеколог, неонатолог, анестезиолог-реватолог, нейрохирург, травматолог-ортопед, кардиолог, невролог, реабилитолог, хирург, радиолог сынды 40 резидент оқуын аяқтайды. Олар екі ауданаралық ауруханада жұмыс істейтін болады. Мұны біз былтыр жоспарлап, оқытқан едік. Қарағанды облысы бойынша 35 мамандықта 794 резидент оқып жатыр. Оларды ауылдық жерлерге тарту үшін биыл алғаш рет әлеуметтік қолдау көрсетілді. Нәтижесінде 61 адам 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін қаражат алды. Бұ-

дан бөлек, олар «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 100 АЕК мөлшерінде қолдау көрді. Денсаулық сақтау министрлігі 2024-2026 жылдары бірқатар заңнамалық актілерге өзгеріс енгізу арқылы ауылдық жерлерге бес жылға барған мамандарға бір реттік 8,5 млн.теңге төлеуді жоспарлап отыр. Бұл мамандардың ауылдық елді мекендерде қалып жұмыс істеуіне жақсы ынталандыру деп санаймын, – дейді басқарма басшысы.

Алайда, оның айтуынша, ауданаралық ауруханаларға келетін мамандар бұл қаражатты ала алмайды. Себебі, аталған ауруханалар қалада орналасқан. Сондықтан, ол жерге баратын мамандарды ынталандырудың басқа жолын іздеу қажет болады.

Ермағанбет Бөлекпаев орынбасары Ермек Алпысовқа алдағы екі-үш жылда медициналық кадр тапшылығы мәселесін түбегейлі шешу қажеттігін тапсырды.

– Қаржылай қолдау ма, баспана ма, «Отбасы банк» арқылы болса, олар үшін арнайы бағдарлама жасайық. Кең қолдау пакетін басқармалармен бірлесіп отырып, қарастырыңыз, ұсыныстар жұмыс жасамай, – деді Ермағанбет Қабду-

лаулы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысы Мұрат Мағзинге нысандардың уақытылы аяқталуын тапсырды.

Негізгі тақырыптан бөлек, аппарат жиынында өткен демалыстағы қатты жел салдары жайлы да айтылды. 18-19 қарашадағы қатты жел салдарынан облыс аумағында тұрғын үйлер мен түрлі ғимараттардың шатырлары мен қабырға қаптамаларының ұшуы бойынша 114 жағдай тіркелді. Облыстың төтенше жағдайлар департаменті бастығы Мұрат Қатлановтың баяндауынша, 18 974 шаршы метр шатырды жел ұшырып әкеткен.

– Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Шахтинск қалалары мен Ақтоғай, Шет, Осакаров, Бұқар жырау, Қарқаралы және Нұра аудандарының бірқатар елді мекендері электр қуатынан ажырап қалды. Қазіргі уақытта елді мекендердің көп бөлігінде электр желілері қалпына келтірілді. Қазіргі уақытта үш қала мен төрт ауданда бұл жұмыстар жалғасуда. Қатлановтың баяндауынша, 18 974 шаршы метр шатырды жел ұшырып әкеткен.

• РЕСМИ

Өтем тарифінің тиімділігі

Уақытша өтемдік тариф дегеніміз тұтынушыға тиісті қаражатты қайтару мақсатында уәкілетті орган белгілі бір мерзімге бекітетін тариф сомасы. Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жалпы сомасы 647 млн. 681 мың теңгеден астам өтемдік тарифтерді енгізді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселенің мәнісіне үнілгенімізде департамент өткен жыл қорытындысы бойынша тарифтік кестені орындайлысы туралы 198, инвестициялық бағдарламалардың орындалысына 26, жалпылайғанда 101 табиғи монополия субъектісіне сараптама амалын жүргізген. Нәтижесінде заңға сайкес, тұтынушыға залалды өтеу

үшін уақытша өтемдік тарифтерді бекіту туралы шешім қабылданды. Нақтыласақ, департамент тұтынушы мүдделерін қорғау мақсатында 2022 жылдың есепті кезеңінде 31 табиғи монополия нысаны келтірген жалпы сомасы 647 млн. 681 мың теңгеге өтем тарифін тағайындады. Оның ішіне жылу энергиясын өндіру мен жабдықтау, электр энергиясын тарату, су және газбен жабдықтау кешені кірген.



Сурет ашық дереккөзімен алынды

– Субъектілердің осы өтемдік бағамы, бекітілген инвестициялық бағдарламалар мен тиісті сметаның бірқатар іс-шаралары

ның орындалмауына байланысты қалыптасқанын ескеріп, әр тұтынушыға бір жыл ішінде өтелетін болады, – деп хабарлады Табиғи

монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Қымбат Бейсенов.

Әкім сайлауы: ашық қоғамның айқын қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоғамда жапырылған қоғамды жаңартамыз десек, жалпақ ғаламдағы «тоғызыншы территорияның» әр пұшағын өзін-өзі билей аларлық халге жеткізгенге жетер дәнне жок. Кідірістің де көмегі болмайды. Өз еркіне өзі қожа ел ғана бостан болмақ дегенге сайды сөзі оның.

– Мақұл, делік. Әкім сайланды. Бірақ қордаланған тұрмыстық, коммуналдық, әлеуметтік мәселелер азайған жоқ. Егерде сайланған әкім-қараларымыз баяғыша құзыретсіз қалса, онда «жабулы қазан жабулы» қалпынан өзгермегені. Қазан қайнамаса, қақпақ дірілдемейді. Сол қара қазанымызды

қыз-қыз қайнарлық құзырет алдымен, жергілікті күрмеуін өзі шешерлік қалыптағы құзырет берілуі қажет осы жақын уақытта. Тағы бір түйткіл. Бұл өзі қанатқақты саяси қадам болған соң олқы тұстары да кезігіп жатады. Мысалы, бұрынғы кезеңде отырған, яғни, әрекет етуші әкім, не әкім орынбасары қайтадан сайланып жатқан көріністер көзімізге көрінді. Жасырып қорғай бер, әкімдіктің ішіндегі жан бәрібір айналып келгенде осындай науқан кезінде өзінің басшылық ресурсын пайдаланатыны айпарадай анық дүние. Бірақ, қайталап айтамыз, пилоттық жоба болған соң қоғам өткен әкім сайлауын барынша түсіністікпен қабылда-

- Орталық Азия елдері арасында республикамыз ауыл, аудан әкімдерін сайлау пилот бұқараның өз қолына таптыстаған алғашқы мемлекет
- Облыста екі аудан мен бір қала әкімі, ал республикада 45 аудан мен қала әкімдері қамтылды
- 2021 жылы 25 мамырда Президент «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды
- Ендігіде «Бұл өкім қайдан келді?» деген үйренішті сұрақты жұрт бір-біріне қоймайтын болды
- Республика басшысы аудан әкімдерін сайлау процесін жеделдету қажет екенін, «АЖАНАТ» партиясы бұған белсенді түрде қатысу керекін атап өткен

ды. Алайда, алда мұндай кемшін тұстарға орын берілмеуі керек деді саясаттанушы.

Сарабал саясатшының сөзі таңдау демократия қағидатына сай келуі қажет дегенге мензеді. Тағы бір атап өткені электораттың аздығы. 66 пайыз. Белсенділік төмен. Саяси мобилизация жасау ауылдық жерлерде жүзеге асыру оңайырақ. Бірақ мәжбүрлеу да дұрыс емес. Үгіт насихат жұмысы да әлсіздеу болды. Аппарат ақсамау керек. Біржақты баға беру дұрыс емес.

Өредік осы бізге сайлау деген сөз ойлау деген ұғымның синонимі іспеттес көрінетіні бар. Рас-ау. Ертенін не күтін тұрғанын тұтас білмесе де, соған саналы

түрде қадам жасарлық бұл үдерісте бір қарағанда әмбебап әрекет емес. Әсіресе, бір-бірін айтпай түсінісетін ұяң қыр баласы мен аудан халқының тарихи тұрғыдағы қабылдарлық шешімі әркімнің көкірегіне әр түрлі сезім халін ұялатары сөзсіз.

Жаңа Зеландияда сарапшы қауым сайлау өткенше жұмған аузын ашпайтын жаңа әдет тауыпты. Өйткені, сарапшы ойы сайлаушыға әсер етуі бек мүмкін деген күдік бар. Қарап отырсақ, әр елдің сайлау мәдениеті қалыптасқаны түрлі ойға жетелейді. Сондықтан, әкім болам десеніз, иығыңызға арттар жүгіңіз кәдімгі мемлекеттік қызмет екенін қаперіңізден шығармаңыз керек.

Мүмкіндігі шектелгендер үшін шексіз мүмкіндік



Бүгінде «Күміс жас», «Алғашқы жұмыс орны», «Әлеуметтік жұмыс орындары» «Жастар тәжірибесі», «Ұрпақтар сабақтастығы» бағдарламалары нәтижесін беруде. Сонымен қатар, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы. «Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру» тетігі бойынша да еңбекке араласушыларға оңтайлы жағдай жасалған. Қарағанды облысының Шахтинскіге арнайы барған бір топ журналист осы қаладағы еңбекпен қамту жағдайын біліп қайтты. Мұнда жыл басынан бері 59 мүгедек адам жұмысқа орналастырылды. Олар үшін арнайы жұмыс орындары құрылса, жұмыс берушілер мемлекеттен субсидия алады.

ластыруға қызықтыру үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс орындарды құруға арналған шығындарды субсидиялауды енгізді. Яғни, компания басшысы жұмыс кеңістігін ұйымдастырады, ал, мемлекет 300 АЕК-ке дейінгі шығындарды

мөлшерінің 60% субсидиялайды, – дейді.

Шахтинск қаласында өз кәсібін дөңгелетіп отырған «Ай-зере» әмбебап тігін кәсіпорыны 2017 жылы ашылды. Алғашында бес адаммен жұмыс бастаған тігін цехы бүгінде дамып, бес жылдың




Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс орындарын құруға арналған шығындарды субсидиялауды енгізген болатын. Бұл туралы Шахтинск қалалық Мансап орталығының жетекшісі Рүстем Манапов: – Жыл басынан бері бізге мүгедектігі бар 63 адам жүгінді. Олардың 59-ын жұмысқа орналастырдық. Жұмыс берушілерді мүгедек адамдарды жұмысқа орна-

өтейді. Бұдан басқа, осы жылдан бастап, жұмыс берушілерге мүгедектігі бар адамдардың жалақысын субсидиялау басталды. Жұмыс істеген бірінші жылы мемлекет 70%, екінші жылы – 65% және үшінші жылы – жалақы

ішінде 20 шақты шеберді біріктіріп отыр.

– Полиция қызметкерлеріне, дәрігерлерге және басқа да тапсыры бойынша киім тігеміз. Мансап орталығымен тығыз байланыстамыз. Орталықтың ұсынысы



Реформа – өміршең өзгерістер

бойынша маған тағы төрт адам келді. Біреуі әлеуметтік жұмыс орнына, үшеуі «Күміс жас» жобасы бойынша жұмысқа орналастырылды. Бұл жұмыскерлердің жалақысы субсидияланады. Бізде тұрақты өндіріс бар, тапсырыстар жеткілікті. Мен тағы 10 адамды қабылдауға дайынмын, – дейді кәсіпорын басшысы Қаламқас Сауханова.

Светлана Рябцева – Шахтинск қаласында жұмыс берушісі арнайы жұмыс орнын жабықтаған алғашқы қызметкерлердің бірі.

ФЕСТИВАЛЬ

«Жауыртаудағы кездесу»

Теміртау кейінгі кезде өнердің қайнаған ошағына айналып отыр. Мұнда 25 қазан мен 17 қараша аралығында «Жауыртаудағы кездесу» форум-фестивалі аясында үш бірдей мәдени шара өтті. Яғни, 25 қазан – Республика күнінде екінші рет аймақтық «Бұран бел» би фестивалі, 16 қарашада жас ақындардың «Жырлаймын сені, Қазақстан!» жыр мүшәйрасы болып, оны 17 қарашада ұлттық фольклорлық ансамбльдердің аймақтық аламаны қорытындылады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртаудың Мәдениет сарайында өткен осы қорытынды кеште қала әкімінің орынбасары Самат Зияшев сөз сөйлеп, «Қаламызда өткен бұл үш шара да жұртшылықтың көңілінен шығып, оларға рухани қуаныш сыйлады. Біз алдағы уақытта да мұндай игі іске демеу жасап, дәстүрге айналдыратын боламыз», – деді ол.

Қорытынды кештің шымылдығын осында арнайы шақырылған Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі ашып, келесі сәтте форум-фестивальге қатысушыларға кезек берілді. Онда Шет ауданының «Ақсу-Аюлы», Теміртаудың «Жауыртау сазы», Абай ауданының халықтық ән-би ансамблі, теміртаулық «Вдохновение», бұқаржыраулық «Эдельвейс», тағы да басқа би топтары мен

лай сыйлықтар сертификаттары тапсырылды. Ал, 21 жас ақын қатысқан мүшәйраның бас жүлдесін Әділет Шопен жеңіп алып, оған арнайы диплом мен 150 мың теңгенің сертификаты ұсынылды. Қалған I, II, III орынды бөліскен Балнұр Омарова, Мейір Жұлдыз, Гани Айжан тиісінше 100, 75, 50 мың теңгенің сертификатарына қол жеткізді. Осы жас шайырлардың басын қосып, ұйымдастыру жүрген теміртаулық кітапханашы, өзі де ақын Таңсәуле Әгенқызы осы орайда өзіне көмек көрсетіп, қолдау жасаған қалалық әкімдік пен мәдениет және тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысына ризалығын білдірді. Біз де олардың саңқылдай оқыған өлеңдерін тыңдап, аталған елді мекенде кешегі марқұм Мадияр Дүйсебеков пен бүгінгі Қасым Ботанов, Руза Алдашеваның жолын қуған ізбасарлары – жаңа буын ақындарының өсіп келе жатқанына



жеке орындаушылар өнер көрсетіп, көрермендердің ықыласына бөленді. Бұлардың арасынан Теміртау қаласының «Вдохновение» би тобына бірінші дәрежелі диплом мен 300 мың теңге берілсе, фольклорлық ансамбльдердің бәріне Алғыс хаттар мен ақша-

қуандық. Бұдан басқадай қатысушылар дүбірлі бәсекеден құр қол қайтпай, әрқайсына лауреат атағы мен ақшалай ынталандыру сыйлықтары табыс етті.

ТЕМІРТАУ

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы университет ардагері, ғалым-ұстаз **Ханшайым Максұтқызы ЖҰМАБАЕВАНЫҢ** өмірден озуына байланысты отбасына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

1

Бүгінде «Күміс жас», «Алғашқы жұмыс орны», «Әлеуметтік жұмыс орындары» «Жастар тәжірибесі», «Ұрпақтар сабақтастығы» бағдарламалары нәтижесін беруде.

2

Жыл басынан бері бізге мүгедектігі бар 63 адам жүгінді. Олардың 59-ын жұмысқа орналастырылды.

3

Жұмыс істеген бірінші жылы мемлекет 70%, екінші жылы – 65% және үшінші жылы – жалақы мөлшерінің 60% субсидиялайды

Тұрғындарды сан соқтырған сапасыз құрылыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

– «Inju city» үй кешені – 17 қабаттан тұратын бес блокты үй. Тапсырыс беруші ұйым – «Orda minerals» ЖШС. Мердігер ұйым – «Asia Quilis» ЖШС. «Бизнес класс» санаты ретінде сатып алған пәтерлеріміздің сапасы сын көтермейді. Пәтер иелері кілттерін наурыз айында алған. Содан бері сегіз ай өтті. Үйдің әлі де бір бөлігі салынып бітпеген. Ал, тұрғындар болса, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, пәтерлеріне кіріп алды. Үйдің әлі техникалық қабаты салынған жоқ. «Қашан аяқталады?» деген сұрағымызға «бір-блокты болған соң» деген жауап алдық. Ал, оны қашан салып бітері белгісіз. Барлығы ашық-шашық жатыр. Ашық жерлерден жоғары қабатқа жел үрлеп тұр, – дейді тұрғындар.

– Бұл тұрғын үй – осы жылдың наурыз айында пайдалануға берілді. Содан кейін біз нотариуска барып, сатып алу жөніндегі келісімшартқа қол қойдық. Бірақ, олар қол қоймастан бұрын бізге барлығын түсіндіру керек еді. Нысанды көрсетіп, акт жасау керек-тін. Олар тек қол қойып келгеннен кейін ғана олқылықтарды

айта бастады.

Міне, қараша айы аяқталуға жақын. сегіз ай өтті. Олар әлі өздерінің міндеттерін толық орындамады. Біз сондарынан салпақтап жүреміз. Ортақ чатқа жазамыз, түсіріп суреттері мен бейнежазбаларын саламыз. Біз ай сайын «КСК»-ға ақша төлеп отырмаймыз. Бірақ «КСК» үмітті ақтаған жоқ. Мұнда, тіпті, ойын алаңы жоқ, подъезд тазаланбайды, шаң-тозаң, кір. Ешқандай абаттандыру жұмыстары жүргізілмейді. Пәтеріміздің терезелерінен жел соғып тұр. Балаларымыз, өзіміз суық тиіп ауырып та жүрміз. Үйде киіммен ұйықтауға мәжбүрміз. Жаз бойы жүгіріп, олқылықтарын айтып, шаршап кеттік. Хат та да жаздық. Наурыз айында қалай алдық, бәрі әлі сол күйінде, – дейді үйдің тұрғыны Бахтияр Аймұханбетов.

«Арқаның қысы ешкімді аямайды. Оның үстіне суық қала саналатын Қарағандыда мұндай үйде тұру қиындап барады», – дейді тұрғындар.

Кейінірек, «жүз рет естігенше, бір рет көрген артық» деп, барлығымыз ішке беттедік. Айтқандай-ақ тұрғын үй кешенінің терезелерінен жел соғып тұр. Те-

резелерді скотчпен қымтап қойған. Ал, кейбіреулері, тіпті, целлофанмен орап тастапты. Едендері суық. Подъездтің әрбір жерінде шашылған қоқыстар мен электр сымдары ілініп-салынып тұр. ПИК өз жұмысын дұрыс атқармайтыны кіргеннен белгілі болды.

– Көшіп келгенімізге екі ай. Екінші қабатта тұрамын. Қазір күн суық. Жылу жоқ. Біз егде жастағы адам болғаннан кейін тоңамыз. Далаға шықсақ, маңай саздан көрінбейді. Аяқ алып жүретін жер жоқ. Жаңбырдан кейін барлығы өзіліп кетті, – дейді Өмірзақ Айдарханов есімді тұрғын.

«Жаңа кешеннен үй алдық» деп, қыруар қаржыға сатып алған үйімізге қуаныш та үлгермедік. Қонақ шақыру туралы, тіпті, ойламаймыз. Мұның бәрін көрсету ұят, – дейді тұрғындар.

Тұрғын үй иелері БАҚ өкілдеріне жүгінуді туралы шешімге бір күнде келмеген. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам картайды» демекші, арыз-шағымдарына ешқандай жауап алмағаннан, әбден күйінгеннен осындай амалға барған екен.

– Мердігер ұйыммен танысқан күні олардың айтуымен бәрі ұнады. Кейінірек шындықтың беті

ашыла бастады. Үйімізде терезелерден суық соғады. Жылу нашар. Жылу бар, әйткенмен әлсіз. Үйді жылытпайды. Мердігер ұйымның көмекшілеріне, КСК-ға, жауапты мамандарға да айттық. Келеді. Кетеді. Ешқандай жұмыс бітірмейді. Терезелеріміз көгеріп бастады. Кеше терезелерді жөндеуге басқа бригадалық ұйымды жіберіпті. «Терезелеріңізді ауыстырамыз» деп айтты. 17 қабатта төбеден нөсер көрізі бар. Сол жерде төбеден бірнеше мәрте су ақты. Мердігер мекеменің көмекшісіне айттық. Ол жасағандай болды. Бірақ жаңбыр жауғанда қайтадан су кетті. Біз тағы шағымдасақ, «бұл үйге әлі 70-80 адам қоныстанған жоқ», дейді. Осында тұрып жатқан 30 тұрғын адам емес сияқтымыз. Үйіміздің қабырғасы сөгіліп, көктің иісі шығып жатқаны оларға бәрібір. «80-90 тұрғын кіргенде сіздерде барлығы болады», дейді. Бізге сатқанда кіреберісті (подъезд) ғана айтқан. «100 тұрғынға толғанда ғана жөндеп береміз. Ал қалғанының бәрі жасалады» деп уәде берген. Бізге ойын алаңы тамызда, одан кейін қыркүйекте ашылады деп сендірді. Оған да көндік. Кейінірек жиналыста келер жылдың сәуірі-

не қалғанын білдік. Бізде әлі бес блок салынып жатыр. Ал ойын алаңы бес блокпен бірге ашылмаған екен. Біз бұл үйді сатып алмай, жалдап тұрып жатқан секілді сезінеміз. Бізге құжаттар жөніндегі есеп берілмейді, – дейді Айдана есімді тұрғын.

«Orda minerals» ЖШС директорының орынбасары Елнұр Жарылғапов тұрғындардың сөзін жоққа шығаруға тырысты. – Бұл блокта 79 пәтер бар. ПИК-ке бұл үйден 50 адам да төлемейді. Төлейтін адамдардың ақшасы бұның барлығын түзеуге жетпейді. Мысалы, біз осы айда екі рет көріз тазарттық. Бұның бәрі үлкен қаржыны талап етеді. Жақында есік алдына тұрғындар тастаған қоқыстан тышқандар пайда болды. Біз оларды уладдық. Әйтпесе, тазалық жұмыстары жүргізіледі. Ешқандай жел соғып тұрған жоқ. Мысалы, жоғары қабаттағы бір тұрғын едендегі жылу беретін төсенішті жөндеу жұмыстары кезінде алып тастады. Ол кісіге «Оны алмаңыз, жылу береді», деп ескерткенбіз, тыңдамады, – деді Елнұр Жарылғапов.

Одан кейін тұрғын үйдің жанында орналасқан сату бөліміне бардық. Сату бөліміндегі маман-

дармен де сөйлесіп, тілдесіп көрген едік...

– Бұл үй жобасы негізінен, бес блок үйден тұрады. Қазіргі уақытта үш үй пайдалануға берілді. Бізге құжаттар жөніндегі есеп берілмейді, – дейді Айдана есімді тұрғын. Барлық бес блокты салып біткен соң ғана бір-бірімен біріктіреміз. Ал ойын алаңына келсек, тапсырыс беруші ұйым қыркүйек айында орнатпақшы еді. Одан кейін біз тұрғындарды жинап, жиналыс өткізгенбіз. «Ойын алаңына қажетті төсеніштерге тапсырыс бердік, кешігіп жатыр. Сондықтан, күн жылығанда орнатайық» деп келіскенбіз. Күн суықта біз абаттандыру жұмыстарын жүргізе алмаймыз. Себебі барлығы сәтсіз орнатылуы мүмкін. Есік алдына құм, тас сеуіп қойдық. Тұрғындарға көліктерімен, балалар арбасымен өтуге ыңғайлы болуы үшін, – деп ақталды сату бөлімінің басшысы Ерлан Шайкенов.

Осылайша БАҚ өкілдеріне жүгінген тұрғындар талап-тілектерінің жергілікті биліктің құлағына жетеді деген үміттерін үзбей отыр.


Суреттерді түсірген **Аида РАХЫМҚҰЛОВА**



• КҮЙШІ Ә.ХАСЕНОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Саф өнердің сардары

Арқа күй мектебінің тамыры өте тереңде, арнасы кең. Орта ғасырда Кетбұға, Байжігіт сияқты ұлы күйшілерден басталып, қанатын кең жайып келіп, Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Әшімтай, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Баубек, Манарбек, Әбікен, Мағануя сынды дәулескер күйшілермен жалғасын табады. Ұлы күйшілердің мұрасын жоғалтпай, саф күйінде бүгінгі заманға жеткізген, есімі ел арасында ерекше аталатын бірегей күйші – Әбікен Хасенов.



Әбікен Хасенов
(1897-1958)

Күйші-домбырашы, композитор, шертпе күйдің шебері, актер, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі Әбікен Хасенов мәңгілік ел жүрегінде. 1892 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Жалпақ елді мекенінде дүниеге келген дәулескер күйші туралы баспасөз беттерінде аз жазылған жоқ. Биыл атақты жерлесіміздің 130 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтіп жатыр.

Домбыра өнерін әкесі Хасеннен, немере ағасы Мақаш Садуақасұлы және Ақмолда Дүйсенұлынан бойына сіңіріп, кейіннен белгілі күйші-домбырашылар Баубек пен Қыздарбектен Тәттімбеттің күйлерін үйренген Әбікен Хасенов аты қазақ даласына кеңінен жайылған күйшіге айналады. Дара күйшінің өмірі де, шығармашылық тағдыры туралы Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Уәли Бекенов, Сәбит Мұқанов, Сапарғали Бегалин, Тәкен Әлімқұлов, Жүсіп Алтайбаев, Ақселеу Сейдімбек, Өмір Кәріп, Кәмел Жүністеги сынды қаламгерлер жазды. Әйтсе де, әлі де зерттелетін дүние көп деп есептейміз. Ә.Хасеновтің шығармашылығы жан-жақты, терең. Күйшілігімен қоса, М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрында актер де болып еңбек еткені – терең зерттеуге тұрарлық жайт. Оны қазақтың маңдайалды актер болғаны, сахнада сансыз кейіпкерлерді сомдағаны, сол үшін үкіметтен алған мәртебе-марапаты да мол екені Ә.Хасеновтің мәртебесін көтере түседі. Қазіргі қолда бар, жазылған еңбектерге, кітаптарға үңілсек, күйшінің асқақ тұлғасын, шалқар сазгерлігін, азамат мінезін танимыз.

Қараша айының 24-жұлдызы күні «Шалқыма» концерт залында Әбікен Хасеновтің 130 жылдық мерейтойына арналған «Күй кеші» атты салтанатты кеш өтеді. Концертте Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі өнер көрсетеді. Дирижерлер – оркестрдің көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Абдуғалисын Шоканбаев пен оркестрдің бас дирижері, Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерей.

Дәл осы күні, «Шалқыма» концерт залында Әбікен Хасеновтің шығармашылығына арналған кітап көпшілікке таныстырылады. Кітапта күйші жайында естеліктер мен фотодеректер, өзінің орындауындағы жеке күйлер мен күйлердің оркестрге түсірілген партиялары енген. Жинақ барша өнерсүйер қауымға, музыка мамандарына, өнер оқу орындарының студенттеріне арналған. «Әбікен Хасенов» деп аталатын бұл кітаптың авторы – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дирижер Абдуғалисын Шоканбаев.

Бұл айтулы күні Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік барша қарағандылық көрерменді, биік өнер – музыканы бағалайтын әлеуметті асыға күтеді.

Марал НҮРТӨЛЕУОВА,
өнертанушы.

• ПРЕМЬЕРА

Бұл қойылым бұрынғыдан өзгеше

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Кеңес Жұмабеков 75 жасқа толды. Өнерге адал санлақ жаңа жасын салтанатты банкет залында емес, сахнада, көрерменімен бірге қарсы алды. Сәкен театрында Беларусь драматургі Алексей Дударевтің «Кеш» спектаклін сахналады. Бұл қойылым бұрынғылардан өзгеше. Мұнда бас-аяғы үш кейіпкер. Үшеуі де театр әлемінің мойындалған ас таланттары. Басты ролде – Кеңес Жұмабеков. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Қазақ хандығы» тарихи сериалында Керей ханның образын сомдап, «Керей хан» аталып кеткен Қайрат Кемалов бар. Дарынды актриса, көрерменнің қалаулысы Нұржібек Жансүгірова да сахнада. Үшеуі бірдей шыққанда, залдағылар демін ішке тартты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спектакль соғыстан кейінгі киін кезеңдерде шалғайдағы бір ауылда қалған үш қарияның өмірін баяндайды. Үшеуі де тағдырдың тауқыметін тартқан. Аштықты да, соғысты да көрген. Өлместің күнін кешкен жаны сірі пенделер. Үшеуі де балаларына керексіз болып қалған. Адамзаттың қыз-қыз қайнаған қоғамынан ашақ жатқан ауылда отырып, балаларынан хат-хабар күтеді. Бірақ, келмейді. Алысқа жауғандық, күні

бойы жол қарайды. Василий ақсақал (Кеңес Жұмабеков) «Балам әлгі геолог дей ме, бірдеме болып жұмыс істейді. Жердің үстінде әкесі жүргенде, астындағы байлықты неменесіне іздейді?» деп күйінеді. Кейіпкерлер жарық әлемдегі махаббат пен сағыныш, зұлымдық пен тасбауырлық жақында ой қозғайды.

– Бұл – тағдыры трагедияға айналған бейбақтар туралы спектакль. Балаларына керексіз болып қалған қариялардың мұң-зарын көреміз. Қазір қараусыз қалған қариялар көп. Қарттар үйіне

барыңыз. Жүрегіңіз ауырады. Жастар осы қойылымнан тағлым алса деген тілегім бар. Аналар, әкелер жыламысың. Мына спектакль жоғары деңгейде өтті. Жақсы әсер алдым. Актерлер осы қойылымды жүрекпен, ыстық сезіммен ойында, – делі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов.

– Мерейтойыма осындай сый жасап жатыр. Қуанышыма көрерменімен қауышқаным разым. Құттықтағандарға алғысым шексіз. Мүмкіндігімізше осы касиетті өнерге адал болуға тырысамын, – делі Кеңес Жұмабеков.

• КЕШ

«Сары Тентектің» мерейлі салтанаты

Жексенбі күні қазақтың «Сары Тентегі» атанған ақын, бард Қуаныш Мақсұтовтың алпыс жас мерейтойы лайықты аталып өтті. Әуелі облыстық Н.Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапханада «Құт» атты жаңа жинағының тұсауы кесіліп, түс ауа С. Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында «Мәңгілік мұңның әуені» атты шығармашылық кешімен жалғасты.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітап тұсаукесеріне келген меймандар «Өмірмен сырласу» атты фото-кітап көрмесін тамашалады. Ақынның «AlphaPrint» баспасынан жарық көрген «Құт» кітабында жаңалық көп. Басты ерекшелігіне тоқталсақ, екінші бөліміндегі бардык, шансондық туындыларының мәтіндер маңдайшасына QR-код қойылған. Кітаптың алғашқы бөлімі поэзия болса, үшінші бөлімінде ой-толғамадары, көсемсөз жазбалары топтастырылған.

Жаңа кітаптың тұсауын Парламент Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов, мәдениет жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, Сыр өңірінен келген Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Сәпен Ансатов кесіп, жылы лебіздерімен бөлісті.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Габит Тұяқов ақынды құрметтеп, иығына шапандарын жауып, тілектерін жеткізді.

Өз кезегінде Қуаныш Мәжкенұлы кітаптың жарыққа шығуына қолдау көрсеткен Қарағанды облысының әкімдігіне, «AMANAT» партиясы Қарағанды

облыстық филиалына, «Ақжол» партиясының филиалына және Нұрлан Арынбаев, Бақыт Жанабаев, Сапар Илкеев, Бекзат Алтынбеков, Қанат Отарбаев секілді жомарт азаматтарға алғысын білдірді.

Өрмен қарайғы құрмет Сәкен театрында жалғасты. Шығармашылық кештің алғашқы құттықтау сөзін облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын жеткізіп, аймақ басшысының құттықтау хатын табыстап, иығына оқалы шапанын жапты.

– Қазақтың бекзада өнері айтыстың халқымен қайта қауышуына зор үлес қосқан гажап ақындардың бірі деп бағалаймыз. «Сары Тентек» деген атын естігенде экранға үңілмеген қазақ кемде-кем шығар. Сізге атак та, абырой да, бәрі-бәрі бар. Еліңіз жақсы біледі. Басына көнеріп бағалайды. Сондықтан да, «Сары Тентек» деген ат қойды. Асқаралы алпысынғыз талтүс болсын, аға, – делі Ерлан Бейсембайұлы.

Құттықтау легін Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса мен Аманжол Әлтай жалғады. Қазыбек Иса кеш иесінің омырауына «Алаш» медалін тақты.

Ал, депутат, ақын Аманжол Әлтай Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерманын құттықтау хатын табыстап, иығына шапан жапты.

«Айқын-Литер» ЖШС директоры Ысқақ Игембердинов те лебізін білдіріп, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын табыстады.

Мерейтой кешіне алыстан ат арылтып келген меймандар да көп болды. Батыстан келген Т.Досымов атындағы халықаралық қордың төрағасы Бижан Қалмағамбетов пен Сыр елінің сәлемін әкелген Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Сәпен Ансатов ақ тілектерін жаудырып, жөн-жоралғыларын тарту етті. Сонымен қоса, Тұңғышбай Мұқан бастаған ақынның бір топ ағасы сахна төріне шығып, ілтипаттарын білдірді.

Шәкірті, жас ақын Еркеғали Бекболат ұстазына арнауын жеткізді. Өрмен кешінің шығармашылық кештің реті «Мәңгілік мұңның әуені» атты моно-спектакльмен сәтті өрілді. Кеш иесі бард, шансондық әндерін шырақды. Шабыты шарықтаған ақын домбырасын қолына алып, арнауын да айтты.

Кешті түйіндеген Қуаныш Мәжкенұлы облыс әкімдігіне, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, еліне, халқына ризашылығын білдіріп, басын иді.

Ақынның шығармашылық кеші Арқа жерінде осылай өрбіді. Енді, елінің, туған топырағының шақыртуымен қазақтың «Сары Тентегі» Ақтоғайға кетті. Еліне еркелеуе...

• ФУТБОЛ

Жастар жеңіске жетті

Футболдан Қазақстан жастар құрамасы Еуропа чемпионатының іріктеу турындағы кезекті кездесуінде жеңіске жетті. Отандастарымыз сырт алаңда Мальта құрамасымен кездесіп, 0:2 есебімен жеңді.

Бұған дейін жастар құрамасы Еуропа чемпионаты аясында үш ойын өткізген болатын. Өкінішке қарай, барлық ойында жеңіліп қалды. Бұл жолы Мальта құрамасының жастарын жеңіп, алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Осылайша «В» тобында V орынға көтерілді.

Ойынның алғашқы бөлігінде ешқандай нәтиже тіркелмеді. 52-ші минутта Абылхан Назимхановтың берген пасын Айбар Абдулла қақпаға бағыттап, нәтиже тіркеді. Айбар қарағандылық «Шахтер» клубының жастар құрамасы сапында өнер көрсетеді.

72-ші минутта Дамир Касабулат көзге түсті. Нұрәли Жаксылықовтың бұрыштамадан асырған добын нәтижемен аяқтады.

Қазіргі жағдай бойынша «В» тобында Испания құрамасының жастары көш бастап тұр. Одан кейінгі сатыда Бельгия, Шотландия құрамасы. Айта кетейік, турнирдің келесі кезеңіне тек топтан екі команда ғана жолдама алады.

• БОКС

Үздіктер қатарынан түсіп қалды

Дүниежүзілік бокс кенесі (WBC) әр дивизиондағы үздік боксшылардың жарияланған рейтингін жариялады. Бұған дейін үздіктер қатарында тұрған орта салмақтағы Әлем чемпионы жерлесіміз Геннадий Головкин (42-2-1, 37 KO) рейтингтен түсіп қалды.



Оған себеп – спортшының ұзақ уақыт бойы шаршы алаңға шықпауы. Жерлесіміз былтыр қыркүйекте соңғы рет Сауль Канело Альвареспен (60-2-2, 39 KO) жұдырықтасқан болатын. Енді бұл рейтингте отандасымыз Мейірім Нұрсұлтанов (19-0, 11 KO) көш басына шықты. Бұған дейін қазақстандық былғары қолғап шебері II орында тұрған болатын.

Айта кетейік, бұл салмақтағы WBC чемпионы – америкалық Джермалл Чарло (32-0, 22 KO).

Жанқош Тұраров жекпе-жек өткізеді

10 желтоқсанда Алматыдағы Балұан Шолақ атындағы спорт сарайында қазақстандық былғары қолғап шебері Жанқош Тұраров (27-0, 20 KO) жекпе-жекке шығады. Бұл – дүбірлі бокс кешінің басты жекпе-жегі.

Отандасымыздың қарсыласы әлемге танымал бірнеше дүркін Жапония мен Азия чемпионы Акихиро Кондо (37-11-2, 21 KO). Қос боксшы IBO тұжырымы бойынша Әлем чемпионы атағы мен WBA Gold World чемпиондық белдіктерін сарапқа салады. Бұдан бөлек, бұл кеште Виктор Коточигов, Балауса Мұздыман, Елшат Нығметолла, Елхан Табынбаев және басқа да қазақстандық боксшылар өнер көрсетеді. Айта кетейік, Жанқош Тұраров үшінші жыл қатарынан желтоқсан айында жылдың қорытынды жекпе-жегін өткізіп келеді. 2021 жылы отандасымыз Абдумоном Саидті тізе бүктірсе, 2022 жылы бұрынғы Әлем чемпионы Луис Энрике Ромероны нокаутқа түсірген болатын.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшының м. а. –
С.Б. ИЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абыай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 күнәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru

Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 130 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**